



## YESSENOV UNIVERSITY БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АЛАШ МҰРАЛАРЫН ОҚЫТУ

**Набиева Л.И.**  
YESSENOV UNIVERSITY  
«Қазақ филологиясы» кафедрасы

Есенов университетінде білім алушыларға Алаш мұраларын оқыту, зерделеу тұрақты жолға қойылған.

Заманауи әдіс-тәсілдер көркем мәтіндерді жан-жақты аңғаруға, стилистикалық талдау сапасын күшеютуге және автордың идеяларын нақтырақ интерпретациялауға мүмкіндік береді. Зиялылардың мұраларын оқыту барысында жүргізілген зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы жоғарғы оқу орындарында білім беру мен осы салада ғылыми-зерттеу салаларын жетілдіруге бағытталады. Қолжеткізілген нәтижелер көркем мәтінді терең талдау әдістемесін жетілдіруге, әдеби шығармаларды оқытуда тиімді тәсілдерді дамытуға негіз бола алады. Сонымен бірге, алынған ғылыми ой-тұжырымдар заманауи технологияларды қолдана отырып, көркемсөз мәтіндерімен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін ұсынады, бұл әдебиеттанушы, тіл мамандары мен жоғарғы оқу орындарында осы мамандық бойынша білім алып жатқан студенттер үшін құнды материал болып табылады.

XX ғасырдың басында пайда болған Алаш қозғалысы қазақ халқының ұлттық болмысы мен құндылықтарының қайта жаңғыруында кезеңге айналды. Алаш қайраткерлері ұлттық сана, әлеуметтік әділдік және саяси тәуелсіздікті қалпына келтіруге ұмтылды. Бұл мақсаттар тек отаршыл басқыншылық контекстінде ғана емес, сонымен қатар қазіргі қоғамның қалыптасуына негіз болды. 1917 жылдың қарашасында «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаш» партиясының бағдарламасында мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі хұқық, дін ісі, билік һәм суд, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрету, жер мәселелері жан-жақты көтерілді. Осы идеяларды сел кезеңде қазақ қоғамына таратқан Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Е. Ғұмаров, Е. Тұрмұхамедов, Ғ. Жүндібаев және Е. Бірімжанов сияқты ұлтының біртуар ұлдары болды. Бұл бағдарлама өзінің мақсаты мен мазмұны жағынан кеңестік қысылтаяң дәуірде саяси-қоғамдық қажеттіліктерді толық қанағаттандыра алатын құжат деп бағалауға болады [1].

Алаш мұрасы қазіргі Қазақстанға елеулі әсер ететін маңызды мәдени, әлеуметтік және саяси феномен бола алады. Осы орайда мақалада біз Алаш мұрасында көтерілген негізгі әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қарастырып,



олардың Қазақстанның қазіргі жағдайындағы маңыздылығын талдайтын боламыз.

### *Ұлттық бірегейлік мәселесі*

Алаш Орданың негізі кеңестік империяның қазақ даласында жалғасқан отаршыл басқыншылық саясатының күшеюі мен патшалық мәдени ассимиляцияның жалғасуы жағдайында пайда болды. Қозғалыстың көшбасшылары, атап айтқанда, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв және Мұхамеджан Тынышпаев бастаған алаш зиялылары ұлт тіршілігі мен дамуы үшін ұлттық сананың оянуы қажеттілігін түсінді. Сол себепті олар ұлт қазынасы саналатын ең алдымен қазақ тілінің, мәдениеті мен тарихының қайта жаңғыру қажеттілігіне ерекше назар аудара бастады. Бұл элементтердің халық бірегейлігінің негізі құрайтын символдық белгілер болып табылады. Сол тұста бірқатар зиялылардың еңбектерінде қазақ мәдениетін сақтау мен дамытуға шақыру астасып жатты, өйткені бұл ұлттық бірегейліктің және болмыстың қайта қалыптасуына зор ықпалы бар екені түсінікті.

Алаш қозғалысының көшбасшылары қазақ халқына Ресей империясы аясында автономия құруды, кейінірек кеңестік билік жағдайында да өз құқықтарын қорғауды мақсат етті. Олар қазақ халқының өзін-өзі басқару және саяси процестерге қатысу құқықтарын атап көрсететін бағдарламаны жасады. Бұл, өз кезегінде, тәуелсіздікке ұмтылған келешек ұрпақтарға рухани күш беретін негіз бола алады.

Бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстан жағдайында Алаш Орда мұрасы халықты рухтандыра отырып, жас ұрпақты өзінің ұлттық құндылықтарын қастерлеуге, оның сақтап дамытуға, отансүйгіштік пен ұлтын құрметтеуге тәрбиелейді. Саяси дербестіктің, өзін-өзі анықтаудың және демократияның маңыздылығы туралы идеялар бүгінгі күні де маңызды екенін айтпасақ болмайды. Адам құқықтары мен демократиялық реформалар үшін қазіргі қозғалыстардың бастау көзі Алаш Орданың идеаларына негізделген.

Алаш Орданың мәдени мұрасы қазақ халқының ұлттық бірегейліктің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Алашорда жаушылары мен ғалымдарының әдеби және өнер туындылары қазақ мәдениетінің байлығын сан қырынан ашып көрсетеді. Сәкен Сейфуллин мен Жүсіпбек Аймауытов сынды өз заманының талантты жазушылары мен ақындардың шығармалары бірегейлік, мәдениет және әлеуметтік прогресс мәселелерін талқылауға өз



үлесін қосты. Бұл әдеби шығармалар ұлттық сананың бір бөлігіне айналып, жаңа ұрпақтарға әсерін тигізуді болашақта да жалғастыра беретін болады.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері Айдар Әмребаев Алаш Орда мүшелері көтерген мәселелердің өзектілігін өз еңбегінде баса атап өтті: «Алаш Орданың қалдырған бай мұрасы бүгінгі күні маңыздылығын жоғалтпайды, тіпті тәуелсіз Қазақстанның болашақтағы даму перспективаларына да тиесілі болып келеді. Оған ұлттық мемлекет идеялары, құқықтық, демократиялық зайырлы мемлекет құру, парламенттік басқару және ұлтаралық келісім жатады» [2].

Бүгінгі күні Алаш Орда мұрасы Қазақстанның мемлекеттік идеологиясының маңызды элементі болып табылады. Қазақ тілін, мәдениетін және тарихын сақтау мен насихаттау бойынша мемлекеттік бағдарламалар Алаш идеяларынан нәр алған. Алаш Орданың негізінде қалыптасқан патриоттық тәрбие ұлттық бірегейлік пен тарихқа деген мақтаныш сезімін қалыптастыруға көмектеседі. Бірегейлік мәселелері, әсіресе, жаһандану заманында көптеген халықтар мен азшылықтар өркениеттің ықпалынан ассимиляция мен мәдени дәстүрлерді жоғалту қаупі басым. Осы тұста Алаш Орда мұрасы қазақ халқына мәдени алуандылығын дамыта отырып, өз бірегейлігін сақтап қалуына өз үлесін тигізетіні шындық.

### ***Білім және ағарту ісі***

Кез келген заманда білім – әлеуметтік және саяси мақсаттарға жету жолында әрдайым маңызды құрал болып келген. Алаш көшбасшылары білімсіз қараңғы қоғамда нақты өзгерістерге қол жеткізу мүмкін емес екенін түсінді. Олар халықтың ағартылуына ықпал ететін мектептер, университеттер және басқа да білім беру ұйымдарын ашуды ұсынды. Алаш Орда негізін қалаушылардың бірі қозғалыс көшбасшысы Ахмет Байтұрсынов: «Басқалардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек! Бай болуға – кәсіп керек! Күшті болуға – бірлік керек! Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!» – деген болатын [3].

Білім мен ағарту саласын дамыту қазіргі қазақстандық қоғамда мемлекеттік саясаттың ерекше басымдығына ие, дегенмен, жоғарғы білімге қолжетімділік, сапа, мамандарды даярлау және технологияларды енгізу мәселелері өзекті күйінде қалып отыр. Қазақстанда сапалы білімге қол жеткізу – ең өзекті мәселелердің бірі. Статистикалық мәліметтерге сәйкес еліміздің Алматы және Нұр-Сұлтан сияқты ірі қалаларда білім сапасы жоғары болса,



кейбір өңірлерде шалғай ауылдарда жоғарғы жылдамдықтағы интернетке қолжеткізу мәселесі шешімін таппаған мәселе. Бұл оқушылардың заманауи ақпараттық технологияларды игеру қабілетіне, білім сапасының төмендеуіне айтарлықтай әсер етеді. Оның Ковид-2019 пандемиясы кезінде қашықтықтан оқуда туындағын қиындықтардан білеміз. Сонымен қатар ресурстардың, білікті мұғалімдердің және заманауи оқыту материалдарының жетіспеушілігі білім беру процесін күрделендіре түседі. Бұл қоғамда әлеуметтік теңсіздік пен болашақ жастар үшін мүмкіндіктердің шектелуіне әкеп соғады.

Бұл проблемаларды шешуде үкіметтен, білім беру ұйымдары мен қоғамнан жалпы кешенді тәсілдері қолдануды талап етеді. Инфрақұрылым мен ресурстарға инвестиция салудан басқа, білім сапасын жақсартуға және әлеуметтік бағдарламаларды қолдауға бағытталған бастамаларды дамыту маңызды. Болашақта сапалы білім Қазақстанның заманауи стандарттарға сай, халықаралық аренада бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде дамуы үшін басымдыққа айналуы тиіс.

### ***Теңсіздік***

Алаш қозғалысы әлеуметтік және ұлттық теңсіздік мәселелерін де белсенді көтерді. Отаршыл билік жағдайында байлық бірнеше адамның қолында шоғырланды, ал халықтың көпшілігі кедейшілік күн кешті. Бұл жағдай Қазақстанда қоғамында да күрделі мәселе ретінде қалып отыр. Әсіресе бай мен кедей арасында алшақтықтар жылдар сайын күшейіп отыр. Орта таптың азаюы, бай мен кедейдің арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы кез келген дамыған қоғамды түрлі наразылықтар мен көтерілістерге түрткі болатын себеп екенін айтпасқа болмайды.

Қазіргі қоғам кедейлік, жұмыс орындарының жетіспеушілігі және әлеуметтік қызметтерге теңсіз қолжетімділік мәселелерімен бетпе-бет келіп отыр. Елдің жеткен экономикалық жетістіктеріне қарамастан, әлеуметтік теңсіздік сақталып отыр, әсіресе, бұл әлеуметтік мәселе еліміздің шалғай аймақтарында ерекше байқалады. Бұл жағдай байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты қысқартуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу үшін мемлекет пен азаматтық қоғамның назарын талап етеді.

Соңғы жылдары елімізде жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, «...Қазақстанда халықтың шамамен жартысына жуығы орташа айлық табысы минималды жалақыдан төмен және бұл табыстың көпшілігі азық-түлікке жұмсалады. Сонымен бірге, елдегі ең бай топты құрайтын 10%-ға жуық тап өкілдері барлық активтердің 60%-ға жуығы



солардың иелігіне тиесілі, бұл Қазақстанды әлеуметтік теңсіздік деңгейі бойынша Африка елдерімен қатар қоюда» [4].

### ***Саяси құқықтар мен бостандықтар***

Алаш көшбасшылары қазақ халқының саяси құқықтары мен бостандықтары үшін күресте автономия мен өзін-өзі басқаруға ұмтылды. Олар халықтың саяси процестерге белсенді қатысуынсыз нақты өзгерістерге қол жеткізу мүмкін емес екенін түсінді. Міржақып Дулатов абақтыда болған кезде жазған «Ұрпаққа хат» жолдауында былай деді: «Езілген, тоналған, сіңірі шыққан ұлтымыздың қамынан асып, өзгедей әрекетке барған емеспін. Саяси мәселелерді алдын ала болжауда, қазақ ұлтшылдары арасында, өз басым қырағылық, көріпкелдік таныттым дей алмаймын. Кеңес үкіметіне қарсы күрес деп шуласып жүргендері — қазақ ұлтын өз бетімен өмір сүрсін деген мүддеден туған ниет қана. Өз отауымыз өзімізге бұйырсыншы дегеніміз» [5].

Демократиялық институттар мен механизмдердің жоқтығына байланысты мәселелер бүгінгі күні де өзекті болып отыр. Соңғы жылдары Қазақстанда саяси белсенділікке, әсіресе жастар арасында, қызығушылықтың артуы байқалуда. Қазіргі кезде саяси қатысу тақырыбы Қазақстанда барған сайын маңызды бола түсуде. Біздің елде бұл салада үлкен тәжірибе болмаса да, бұл құқыққа деген сұраныс артып отыр, әсіресе қаңтардағы наразылықтардан кейін бұл тақырыптың маңызы одан әрі артты - дейді «Қазақстан жастар ақпараттық қызметі» қоғамдық қордың төрайымы Ирина Медникова [6].

Шешім қабылдаудағы ашықтық, әділдік және қатысу талаптары барған сайын айқындала түсуде. Алайда, демократияландыруға бағытталған кейбір қадамдарға карамастан, адам құқықтары және сөз бостандығына қатысты көптеген мәселелер шешілмеген күйінде қалып отыр.

### ***Экономикалық даму***

Экономикалық мәселелер Алаш зиялыларының назарынан тыс қалмады. Ұлттық қозғалыс жетекшілері экономикалық даму әлеуметтік прогрестің негізі екенін түсінді. Олар аграрлық реформалар мен жергілікті өндірісті дамытуды қолдады, бұл жұмыс орындарын құруға және өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Алашорда мүшелері үнемі экономиканы жетілдіру, азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын құқықтық база, тең құқықтылық, келісім мен бейбітшілік тақырыптарын қоғамда көтерді. Бұл — ұлттың мәдени дамуы, өкілетті органдар мен қоғамдық құрылымдарға тек элитаны ғана емес, жалпы халықты да саяси процестерге тартуға итермеледі [7].



Бүгінгі Қазақстанда тұрақты экономикалық даму мәселесі әсіресе өзекті болып отыр. Бай табиғи ресурстарға қарамастан, ел экономикасын әртараптандыру және жаңа жұмыс орындарын құру мәселелерімен бетпе-бет келді. Шағын және орта бизнесті дамыту, сондай-ақ инновациялар мен технологияларға инвестициялар тарту тұрақты өсуге жетудің негізгі факторлары болып табылады. Үкімет қолайлы бизнес орта құру бағытында қадамдар жасауда, бірақ қаржыландырудың қолжетімділігін, кәсіпкерлерді оқыту мен стартаптарды қолдауды жақсарту жұмыстарын жалғастыру қажет. Сонымен қатар, экспорттық мүмкіндіктерді дамыту және шетелдік инвесторларды тарту елдің экономикалық әлеуетін кеңейту үшін маңызды.

### *Экологиялық мәселелер*

Алаш Орда жетекшілері Қазақстанның табиғи ресурстары халық өмірінде маңызды рөл атқаратынын түсінді. Олар жер және су ресурстарын тиімді пайдаланудың маңыздылығын атап өтіп, табиғатқа қамқорлық жасаудың қазақ қоғамының гүлденуінің негізі екенін түсінді. Өздерінің еңбектерінде олар табиғи экожүйелерді сақтау және адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдікті ұстап тұру қажеттілігіне ерекше назар аударды.

Алаш Орда ауыл тұрғындарының өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған аграрлық реформаларды қолдады. Қозғалыс жетекшілері ауыл шаруашылығын дұрыс жүргізудің экожүйелік факторларды, мысалы, топырақтың құнарлылығын және суға қолжетімділікті ескеруді талап ететінін түсінді. Бұл аграрлық сектордың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды қадамы болып табылды. Осы орайда Алаш жетекшілері Ресей империясының отарлық саясатын сынап, ол жиі жергілікті халықтың мүдделерін елемей, табиғи ресурстарды таусуға алып келгенін айтты. Олар экономикалық дамудың экологиялық тұрғыдан тұрақты болуы және жергілікті жағдайларды ескеруі керектігін атап өтті.

Бүгінде Қазақстанда да бұл экологиялық проблемалар өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ауа мен судың ластануы, жердің деградациясы, биологиялық түрлердің жойылуы және климаттың өзгеруі сияқты маңызды экологиялық проблемалар бүгінгі қоғамның басты назарында. Бұл қиындықтарды еңсеру кешенді тәсілді және өткен ұрпақтардың тәжірибесіне қайта оралуды талап етеді. Осы орайда төменде Алаш қайраткерлерінің қоршаған орта мен табиғатты аялап сақтауға байланысты білдірген идеяларын топтастыруды жөн көрдім. Ең алдымен Алаш Орда мұрасы бірнеше маңызды идеяларды ұсынады:



*Ресурстарды тиімді пайдалану.* Алаш Орда ұсынған табиғи ресурстарды рационалды пайдалану принциптері заманауи тұрақты даму стратегияларының негізі бола алады. Бұл экологиялық таза технологиялар мен ауыл шаруашылығында практикаларды дамыту, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау тәсілдерін енгізуді қамтиды.

*Қоғамдық сананың көтерілуі.* Алаш азаматтары қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша білім берудің және қоғамдық сананы көтерудің маңыздылығын ерекше тоқталады. Қазіргі контексте бұл экологиялық білім берудің қажеттілігі мен азаматтарды табиғатты қорғау процесіне белсенді тарту қажеттілігін білдіреді.

*Дәстүрлі білімді сақтау.* Қазақ халқының табиғатпен қарым-қатынас және тұрақты шаруашылық жүргізу туралы дәстүрлі білімдері қазіргі экологиялық қиындықтарға қарсы күресте бағалы ресурс бола алады. Бұл көп ғасырлық тәжірибеге негізделген білімдер климат өзгерістеріне бейімделу мен биологиялық алуан түрлілікті сақтауда пайдалы болуы мүмкін.

Климаттық өзгерістер ауыл шаруашылығына әсер етеді, бұл бейімделу стратегияларын енгізуді талап етеді. Экологиялық таза технологияларды дамыту, халықты қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша хабардар ету және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жандандыру маңызды. Экожүйелерді қалпына келтіру, жасыл экономикаға көшу және табиғи ресурстарды тұрақты басқаруға бағытталған мемлекеттік бастамалар экологиялық қауіпсіздік пен азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін басымдыққа айналуы тиіс.

### Қорытынды

Алаш мұрасы – қазіргі Қазақстан қоғамында өзекті болып табылатын білім мен тәжірибенің бай мұрасы. Алаш қозғалыс өкілдері көтерген мәселелер бүгінгі күні де өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұл мәселелерді шешу үшін мемлекеттің, қоғамның және әр адамның күш-жігерін біріктіретін кешенді тәсіл қажет. Алаш қайраткерлері қалдырған бай мұра жаңа ұрпақты белсенді әрекеттерге және өмір сүру сапасын жақсартуға, ұлттық бірегейлікті сақтауға, сондай-ақ қоғамның тұрақты дамуына ұмтылуға шабыттандырады. Бұл мәселелерді актуализациялау Қазақстанның болашағы үшін әділ, еркін және тұрақты қоғамды қалыптастырудың негізі бола алатыны анық.

Алаш мұрасының Қазақстан үшін маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Ол тек ұлттық сананы қалыптастыру негіздерін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің саяси, білім беру және мәдени өмірі туралы ой толғап, құнды



идеялар қалдырды. Алаш мұрасы жаңа буын қазақтарды қоғамды дамыту, адам құқықтарын қорғау және мәдени мұраны сақтау мақсатында белсенді әрекеттерге шабыттандыруын одан әрі жалғастыра беретін болады.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Амребаев А. (2020). Наследие «Алаш-Орды» и актуальные вопросы современного этапа развития Казахстана. [Электрондық ресурс] URL <https://kazpravda.kz/n/nasledie-alash-ordy-i-aktualnye-voprosy-sovremennogo-etapa-razvitiya-kazahstana/>
2. Әбілдаев А. (2012). «Алаш» идеясының өзектілігі және ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамында жаңғыртылуы [Электрондық ресурс] URL <https://anatili.kazgazeta.kz/news/11410>
3. Экономическое неравенство населения в Казахстане. (2024). Аналитический центр Halyk Finance [Электрондық ресурс] URL [https://halykfinance.kz/download/files/analytics/Halyk\\_Finance\\_-\\_Otchet\\_po\\_neravenstvu.pdf](https://halykfinance.kz/download/files/analytics/Halyk_Finance_-_Otchet_po_neravenstvu.pdf)
4. Дулатұлы М. (1929). Ұрпаққа хат [Электрондық ресурс] URL <https://adebiportal.kz/kz/letter/view/104>
5. Бекбасова А. (2022). Казахстанская молодежь не видит перспектив участвовать в политике [Электрондық ресурс] URL [https://forbes.kz/articles/kazahstanskaya\\_molodej\\_ne\\_vidit\\_perspektiv\\_uchastvovat\\_v\\_politike](https://forbes.kz/articles/kazahstanskaya_molodej_ne_vidit_perspektiv_uchastvovat_v_politike)
6. Аққұлы С. (2010). Жапондардың өз елін өркендету мұраты Алашорда идеяларына ұқсас еді. [Электрондық ресурс] URL [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_december\\_independence\\_alashorda/2246310.html](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_december_independence_alashorda/2246310.html)
7. Алаш-таным: Сборник документов. Т.2. – Семей: Алаш-таным, 2012. – 425 б.

